

## Тархан Шақшақ Жәнібек ескерткіші орнатылды...

Үстіміздегі жылдың 14 қыркүйегінде Қостанай қаласының батыс жақ кіреберісіндегі Карбышев-Уральский көшелерінің қиылысындағы айналма жолдағы алаңға орнатылған қазақтың даңқты батыры, Тархан Шақшақ Жәнібекке арналған еңселі ескерткіштің ашылу рәсімі болып өтті.



Мұхамбетов батыр бабаға арналған ескерткіштің мән-маңызына назар аударды. «Бұл игі іс Елбасы ұсынған «Туған жер» бағдарламасының шеңберінде ұйымдастырылып отыр. Елдікті көрсетер сәулетті ескерткіштің қаланың кіреберісіне қойылуы да бекер емес. Қостанайға әуежай арқылы келген қонақтар Тархан бейнесіне қарап, қазақ батырының рухын бойына сіңіреді. Осынау еңселі ескерткіштің бой көтеруіне атсалысқан азаматтардың барлығына өзіміздің және бүкіл Қостанай облысы халқының атынан зор алғыс айтамын» — деді өңір басшысы.

Осынау тарихи сәтті тамашалауға жұртшылық көп жиналды. Салтанаты іс-шараға қатысу үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары мен зиялы қауым өкілдері, Ресей елінен меймандар арнайы келіпті. Батырдың туған жері мен басқа да өңірлерден келгендер шоғыры да әжептәуір көрінеді.

Салтанатты іс-шара рәсімінің алғы сөзін алған облыс әкімі Архимед

Сөз кезегі осы іс-шараның бастамашысы, атақты академик Кенжеғали Сағадиевке берілгенде, еліміздің саяси қайраткері әңгімесін тарихи тұлға жайлы ұғынықты да тәлімді әңгімелеп берді. Жәнібек Қошқарұлының “ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен” мәмілегерлігі туралы деректерді алға тартты.

Салтанатты рәсім барысында Тарханның тікелей ұрпақтары

атынан есімі облыс жұртшылығына кеңінен танымал Рақым Жұмақұлов батыр бабасы жайында тұщымды әңгімелеп берді.

Ескерткішті салтанатты түрде ашу құрметі де осы екі азаматқа – К.Сағадиев пен Р.Жұмақұловқа берілді. Жиналғандар ескерткішке гүл шоқтарын қойды, батыр баба рухына бас иіп тағзым етті...

Жұртшылықтың есінде болар,

тархан батырға арналған ескерткіш халықтың өз еріктерімен жинаған қаржысына тұрғызылды. Қаржы жинау үшін “Жәнібек-тархан” қоғамдық қайырымдылық қоры құрылған болатын.

Еңселі де көзтартарлық ескерткіштің скульпторы – белгілі мәдениет қайраткері Қадыржан Кәкімов. Ол Атырау қаласындағы Сұлтан Бейбарыс ескерткішінің авторы ретінде жұртшылыққа танымал. Мына туындысына тоғыз айдай уақытын жұмсапты. Ескерткіші қоладан жасалған, тұғыры - бетон. Тұғырдың таза салмағы – 270 тонна. Ескерткіштің өзіне Алматы облысында өндірілген қола пайдаланылған. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 14,45 метр.

Салтанатты рәсімнен кейін «Сұлтан» мейрамханасында Тархан Шақшақ Жәнібек бабамызға арналып ас беріліп, аруағына құран бағышталды.

Іс-шара аясында А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-де «Шақшақ Жәнібек – ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.



## Өңіріміздегі есте қаларлық тарихи оқиға

Өткен жұмада, 15 қыркүйекте Қостанай облысы Амангелді ауданының аумағында, Арқалық қаласынан 65 шақырым жерде Кейкі Көкембайұлының сүйегін жерлеу рәсімі өткізіліп, кесенесі бой көтерді.

Иә, жұртшылықтың назарын аударған, араға ғасырға жуық уақыт салып, былтыр елге оралған батырдың сүйегін жерлеу рәсімі Амангелді ауданында өтті.

Тарихи оқиғаның куәсі болмаққа алыс-жақыннан танымал тұлғалар келді. Олардың арасында ҚР Парламенті депутаттары, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар бар.

Алдымен, баба рухына құран бағышталды. Сүйекті жер қойнына тапсыру рәсіміне ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов, Венгрияның Қазақстандағы елшісі Барани Андраш, ҚР Парламенті депутаты Қуаныш Сұлтанов, жазушы Сәбит Досанов қатысты.

«Жаңа мемориалдық кешеннің құрылысы бойынша барлық жұмыстар белгіленген

уақытта аяқталды. Оның барысын үнемі қадағалап отырдық. Міне, үкіметтің келісімімен батыр сүйегін салтанатты түрде жерлеу рәсімін ұйымдастырып отырмыз. Кейкі батырдың тарихтағы орны ерекше. Мынадай сәулетті кесене жастарымыздың бойына рух бітреді, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға септігін тигізеді», - деді Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов.

Жиында Кейкі батыр туралы қоғам қайраткерлері де пікір айтты. «Кейкі Көкембайұлы - ұлтының азаттығы жолында күрескен ұлт қаһарманы. Оның жарқын бейнесі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ерлігі елін рухтандырып тұра бермек», - деді жазушы Сәбит Досанов.

Кейкі батыр ұрпақтары атынан Серік Ақылбай сөз сөйлеп, ғасыр бойы сырт елге жатқан батыр сүйегін елге әкелуге себепші болған Елбасына алғысын білдірді.

Кейкі батырдың сүйегін ұлықтап, жер қойнына беру рәсімі Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында «Кейкі батыр (Нұрмағамбет) Көкембайұлы. Өмірі мен өлімінің тарихы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциямен

жалғасты.

Конференция жұмысын облыс әкімі Архимед Мұхамбетов ашып, жүргізіп отырды. Мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысқан мәртебелі жиында ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова мен Венгрияның еліміздегі төтенше және өкілетті елшісі Андраш Барани құттықтау сөз сөйлеп, ізгі лебіздерін білдірді. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саясат ғылымдарының докторы, профессор Қуаныш Сұлтанов, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов, ҚР Орталық музейінің директоры, тарих ғылымдарының докторы, доцент Нұрсан Әлімбаев, «Алаш» халықаралық әдебиет сыйлығының лауреаты, ақын Серік Тұрғынбекұлы баяндама жасады.

Конференцияда Кейкі батырдың ұрпағы Сейтқали Қосжановқа сөз берілді. Ол сонау қиын-қыстау заманда елінің болашағы үшін басын бейгеге тіккен батырды ұлықтауда мемлекеттік атқарылып жатқан ауқымды шараларға

алғысын жеткізді. Баһадүр батырды еске алуға арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция соңы марапаттауларға ұласты. ҚР Орталық музейінің директоры Нұрсан Әлімбаев, өлкетанушы, «Кейкі батыр» кітабының авторы Шөптібай Байділдин, Арқалық қаласының әкімі Амантай Балғарин, архитектор, Кейкі батыр кесенесі жобасының авторы Бек Ыбраев, «Алюминстрой» ЖШС бас директоры Абай Мұқанов, журналист, Кейкі Көкембайұлы кітабының авторы Мақсұтбек Сүлейменов, Аманкелді ауданының әкімі Нұржан Өтегеновтер «Кейкі батыр» естелік төсбелгісімен марапатталды.

Өңіріміздегі есте қаларлық тарихи оқиғаға орай Кейкі батыр кесенесі орналасқан Аманкелді ауданына қарасты Тасты ауылында қазақ күресінен республикалық жарыс ұйымдастырылды. Додаға елімізге танымал «сен тұр, мен атайын» алыптар жиылды.

«Қазақстан барысы» турнирінің 2014 жылғы жеңімпазы Мұхит Тұрсынов бірінші кездесуінде Жанкелдин ауданының палуанын айқын басымдылықпен ұтты. Сонан соң астаналық тәжірибелі

спортшы, дзюдодан еліміздің бірнеше дүркін чемпионы Сергей Пакты тізе бүктірді.

Ал тағы бір топ жарған палуан Айбат Сейтен алғашқы айналымнан сүрінбеді. Екінші кезеңде оған грек-рим күресінен Азия чемпионы Талғат Жиентаев қарсы тұрды. Дегенмен, талай доданың шаңын қаққан Айбат Сейтен қарсыласын алып ұрды.

«Арқалық барысы» Фабит Балғынбаев та бабында екенін көрсетті. Ол да бастапқы қарсыластарын айқын ұтып, жартылайфиналғашықты Фабит боз кілем иесі, аманкелділік Рысбек Дәуітпен кездесті. Бұл жолы да арқалықтық жігіттің бағы жанды.

Жұртшылық Мұхит Тұрсынов пен Айбат Сейтеннің күресін күткен-ді. Міне, сыралғы қарсыластар тағы жолықты. Бірге жаттығып жүрген білектілердің бәсі Айбаттың пайдасына шешілді.

Үшінші орын үшін өткен кездесуде Мұхит Тұрсынов Рысбек Дәуітті жеңді. Алда – финал. Бірінен-бірі асқан сақа палуандардың арасынан Арқалық қаласынан келген Фабит Балғынбаев озды. Ол Айбат Сейтенді ұпай санымен ұтып, «Түйе палуан» атанды. Аманкелді ауданының

әкімі Нұржан Өтегенов жарыс жеңімпазы Фабит Балғынбаевқа автокөліктің кілтін тапсырды.

Тағы бір айта кетерлік жағымды жаңалық – біздің өңірімізде бой көтерген Кейкі батыр кесенесі «Киелі Қазақстан» жобасына кіреді.

«Жұртшылық жақсы біледі, биыл «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жасалды. Әрбір халықтың, әрбір өркеніеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болатыны анық, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Осылардың бәрі рухани дәстүрдің басты негіздері. Біз — рухани тарихы бар елміз. Сол себепті өткенімізді бағалай білейік», — деді «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғали Кейкі батырдың сүйегін жерлеу рәсімінде.

Иә, біз — еліміздің тәуелсіздігінің арқасында, Елбасымыздың салмақты саясатының нәтижесінде қол жеткізіп отырған дүйім елдің жетістігі, есте қаларлық тарихи оқиға болып отыр. Бұл - Елбасының “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласы аясында жүзеге асырылып жатқан құндылықтарымыздың жарқын көрінісі.

## Тарихи іс-шараға курсанттар да қатысты

Жақында киелі Торғай өңірінде еліміздің ғасыр бойы аңсаған арманы орындалды. Батыр бабамыз Кейкі Нұрмағамбетұлының бас сүйегі елге қайтарылды, өсем де көрікті кесенесі тұрғызылды, ас беріліп, құран оқылып, жер қойнауына ресми түрде табыс етілді.

Бұл іс-шара Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында айтылған тарихи мұраны сақтауға бағытталды. «Ұлттық біртектіліктің тірегі саналатын ескерткіштер мен тарихи орындарын жаңғырту, қайта жөндеу жұмыстары Қазақстанның

қасиетті орындар географиясы жобасын ұйымдастыру аясында жалғаса бермек.

Тарихи шараға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов, Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Қаппасов және 40-тан астам 4-курс курсанттары қатысты.

Кейкі батырдың кесенесі Аманкелді ауданына қарасты Тасты ауылының қырындағы, Жалдама-Арқалық тас жолының маңынан салынған.

Осынау айтулы іс-шараға біздің академияның курсанттары мақтанышпен қатысты. Бұл, өрине,

курсанттар үшін және академияның беделі үшін ауызтолтырыпайтарлықтай қуаныш деуге болады. Өйткені қазақ елінің аңсаған қуанышының басты себепкері болу, курсанттар үшін ұмытылмас тарихи сәт. Оны осы іс-шараға қатысып келген әр курсанттың лебізінен естуге болады.

Тарихи шара кезінде концерттік бағдарламалар, ғылыми конференция, ақындар айтысы, ұлттық спорт түрлерінен түрлі шаралар ұйымдастырылды.

Тағы бір қуантарлық қуанышты хабар, Қостанай облысында бой көтерген Кейкі батыр кесенесі «Киелі Қазақстан» жобасына кіреді.

Академияның баспасөз қызметі



## Тілге құрмет – елге құрмет

**Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі.**

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды.

«Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан-дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай жүрегі елім деп соғатын, туған жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек.

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы бері ширек ғасыр уақыт болды. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде» – деп алдымызға айқын жол ашып бергені бәрімізге белгілі. Сондай-ақ, Елбасы халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

1997 жылы 1 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы қабылданып, ол заңда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі, мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілді.

Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімі де аталған заң аясында облыстық ішкі істер органдарындағы іс-қағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілуін қадағалап, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы

№ 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жұмыс атқаруда.

Аталған бағдарламаны орындау жолында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 тамыздағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында мемлекеттік тілді оқытуды ұйымдастыру жөніндегі №840 бұйрығына сәйкес ішкі істер органдары қызметкерлерін оқыту процесі де алға қойылып, мемлекеттік тілді оқыту сабақтары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

«Қазіргі таңда қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеруіне барлық жағдай жасалған. Жыл басынан бастап сабақтар екі кезеңмен жүргізіледі. Облыстық ішкі істер органдарынан 822 қызметкер мемлекеттік тілді оқыту курстарына қатысады, соның ішінде ІІД аппараты бойынша 151, қалалық аудандық ішкі істер басқармалары мен бөлімдері бойынша 671 қызметкер мемлекеттік тілді меңгеруде. 2016 жылы 282 қызметкерге сертификат табыс етілді. Сонымен қатар үстіміздегі жылы Астана қаласында өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жіберілетін қызметкерлерге ағылшын тілін үйрету курстары да жүргізілді. Жеделдетілген курс қорытындысы бойынша ЭКСПО-2017 көрмесіне баратын 21 қызметкерге сертификаттар берілді.

Мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімі ІІО қызметкерлері арасында мемлекеттік тілді дамыту, кеңінен насихаттау мақсатында қоғамдық іс-шараларды да ұйымдастырып отырады. Атап айтар болсақ, үстіміздегі жылы Наурыз мейрамы қарсаңында ІІД басқармалары мен бөлімдері арасында «Жұлдызды сәт» конкурсы ұйымдастырылды. Онда қызметкерлер қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттай отырып, сахналық қойылымдар көрсетті, күй күмбірлеп,

Наурыз жырлары шырқалды. Жеңімпаздар грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ұйымдастыруымен жыл сайын өткізілетін «Парасатты полицей» республикалық конкурсында да өнер көрсеткен ІІД полицейлерінен құралған «Қостанай қырандары» командасы мемлекеттік тілді кеңінен насихаттай отырып, полиция қызметінің қиындығы мен қызығын саликалы сөз, астарлы әзіл арқылы жеткізе білді. Команда капитандары арасында өткен сайыста өнерімен, білімімен оқ бойы озып шыққан Таран аудандық ІІБ ұчаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ербол СЕЙІТМАҒАМБЕТ екінші жыл қатарынан «Үздік капитан» номинациясын жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 қарашадағы №1226 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының халықтары тілдерінің күні» мерекесін атап өту қыркүйектің үшінші жексенбісіне белгіленген болатын. Осынау атаулы күні ІІД Мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімі облыстық құқық қорғау органдарының тіл мамандарымен дөңгелек үстел өткізіп, мемлекеттік тілде іс жүргізудің түйткілді мәселелерін талқылап, тәжірибе алмасуды дәстүрге айналдырған.

Елбасымыз «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Өйткені қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» – деп атап көрсетті. Сондықтан да қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту, оның қолданыс аясын кеңейту, дамуына жағдай жасау жүрегі елім деп соққан әрбір қазақстандықтың міндеті болып қала бермек.

**Ирина БЕЖЕНАРЬ,**  
Облыстық ІІД Мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімінің басшысы

## ҚР чемпионатына іріктеу сыны өткізілді

**Жылдағы дәстүрге айналған әскери самбодан Қазақстан Республикасының чемпионаты жақын арада өткізілмекші.**

Соған орай қыркүйектің 9-11 күндері аралығында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Жауынгерлік самбодан» 23 жасқа дейінгі облыстық іріктеу чемпионаты болып өтті.

ЖҚДД кафедрасының қызметкерлері сондай-ақ, Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген іріктеу сынына облыстық әр аумағынан біршама спортшылар қатысып, баптары мен бақтарын сынап көрді.

Жарыстың бастықонағы академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, жауынгерлік самбонның болашақ офицерлер және қызметкерлер үшін өте қажетті әрі маңыздылығын айтып, ыстық лебізін



білдірді және бәсекенің басын ашып берді.

Іріктеу сыны басталысымен қыза түсті. Бір-бірлерімен арыстандай арпалысқан жас жауынгерлер жеңіске жету үшін бар күш-жігерлерін жұмсады. Біреулерінің бағымен қатар баптары шауып жатса, ал бәзбіреулерінің жолдары болмай жарыс жолынан шығып қалып жатты. Айта кетер бір жайт, бұл іріктеу сыны біздің курсанттар үшін өте олжалы болды. Біздің жігіттер қарсыластарын қос жауырындарымен жер иіскетіп жатты.

Осылайша бұл бәсекеде 62 келі салмақ дәрежесінде қарсыластарын басып озған академияның 2-курс

курсанты Иманбаев Жұмабек жеңіс тұғырынан көрінді. Ал 68 келі салмақ дәрежесінде 3-курс курсанты Сейдіманп Жасұлан өзгелерді шаң қаптырса, 74 келі салмақта 3-курс курсанты Ошақбай Айбар қарсыластарын қапыда қалдырды. 82 келі салмақ көрсеткішінде 4-курс курсанты Айтбек Асқар жеңіс тұғырынан көрінсе, 90 келі салмақ дәрежесінде 3-курс курсанты Құрбан Нұрбол қарсыластарын жер жастандырды және +100 келі салмақ дәрежесінде академия түйе балуаны 3-курс курсанты Күдірбек Болат қарсыластарын құр алақан қалдырып, алдағы қараша айында осы академия төрінде болатын

Республикалық бәсі жоғары бәсекеге жолдама алды. Жалпы есепте академия құрамасы 6 жеңісті еншілеп 1-ші орынға көтеріліп, өзгелерден біршама көш ілгеріледі.

Бас төреші Өтегенов Бағдат Каменович бұл байрақты бәсекеге өте жоғары дәрежеде дайындық жүргізілгендігін, сондай-ақ жарыстың керемет деңгейде өтіп, оған қатысушылардың өдіс-төсілдері көрермендердің еріксіз қошемет көрсетулеріне себеп болғандығын, ендігі мәселе алдағы болатын Республикалық чемпионатқа дайындықты күшейту қажет болып табылатындығы туралы айтып берді.

Естеріңізге сала кетсек, жоғарыда айтылған жүлделі орыннан көрінген курсанттар бүгінгі таңда ЖҚДД кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Таңқыбаев Руслан және полиция майоры Кабидуллин Ержанның қол астында жаттығуда.

**Тұрсынбай ДУМАНЖАН,**  
Академияның 3-курс курсанты



## Теміржол бойындағы кездесу

**2017 жылғы 15 қыркүйекте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыс шеңберінде Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де кезекті бір іс-шара өткізілді.**

Қостанай станциясындағы ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Мамбетов Жақсылық Олғаұлы «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғам мүшесі Дудин Александр Анатольевичпен, Қостанай ст. ІІЖБ кадр жұмысы тобының инспектор – психологі полиция капитаны В.В. Осиповамен бірге «Орал – Астана» бағытындағы № 57 жолаушылар поезында кездесу өткізді.

Жолаушыларға ҚР ҚК-нің 366, 367, 368-баптары түсіндіріліп, сенім телефондары мен ішкі істер органдары қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтарға «мүлдем төзбеушілік» жөніндегі ақпарат берілді.

Қостанай ст. ІІЖБ КЖТ

## Былтыр адам ұрлығына қатысты 60 қылмыстық іс қозғалды

**ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Қуаныш Сұлтанов адам саудасы, еңбек мигранттары және адамгершілік тәрбиесіне қатысты мәселелер жайында баяндады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.**

Атап айтқанда, өткен бейсенбіде ҚР Сыртқы істер министрлігінде Адам құқықтары жөніндегі комиссияның «Қазақстандағы еңбекші-мигранттардың және адам саудасы құрбандарының құқықтарын қорғаудың өзекті проблемалары» атты талдау баяндамасының тұсаукесері өтті.

Қуаныш Сұлтановтың сөзіне қарағанда, Қазақстан аумағында ресми түрде 60 мың еңбек мигранттары тіркелген, сонымен қатар заңсыз мигранттардың да саны аз емес. Өткен жылда адам ұрлығына қатысты 60-қа жуық қылмыстық іс қозғалған.

«Жас аналар өздерінің балаларын сатуға қалай барады? Осы тектес жағдайға жол берілмеуі керек. Егер де қыздар ана болуға ниеттенсе, онда ол бала үшін жауапкершілік бар екенін ұмытпауы тиіс. Бұл тұрғыда қажетті тәрбиелік жұмыстар қамтылған жөн. Барлық мектепте осындай шаралар ескерілген, алайда бұл қадамдар жеткіліксіз болып тұрған секілді. Сонымен қатар осындай жұмыстар отбасыларда да жүргізілуде, бірақ оны тағы да күшейту қажет», – деді Комиссия төрағасы.

Сұлтановтың айтуынша, қазіргі кезде Адам құқықтары жөніндегі комиссия аталған бағытта тиісті ұсыныстарды даярлап жатыр.

«Біз жеке тәрбиемен, отбасы рөлі мен әрбір азаматтың жауапкершілігін арттыру мәселесімен айналысуымыз керек. Алайда бұндай проблемалар барша әлемде бар. Өкінішке қарай, соғыс оты жайылған жерлерде адамгершілікке жат жағдайлар өршіп кеткен және уақыт өте келе оның барлығы басқа өңірлерге де тарайды. Сондықтан да біздің комиссия барлық ахуалға талдау жасауды жөн көріп, біздің заңгерлер мен сарапшылар бұл мәселе тұрғысында ұзақ уақыт бойы жұмыс істеді», – деді ол.

Сөз соңында Қ. Сұлтанов елімізде адамгершілікке жат жағдайларға жол бермес үшін алдын алу бағытындағы мәселелерге ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru